

DOI 10.52260/2304-7216.2025.1(58).38

ӨОЖ 338.1

FTAMP 06.56.21

К.К. Абдикаликов, PhD докторанты¹Б.М. Искаков*, э.ғ.к., доцент¹Г.М. Абауова, к.э.н., доцент²Ә.А. Әлданай, PhD докторанты²

«Тұран-Астана» университеті,

Астана қ., Қазақстан¹Esil University, Астана қ., Қазақстан²

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: kulmuhammed@inbox.ru

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС САНАТЫН АНЫҚТАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДАҒЫ РӨЛІ

Мемлекеттің нарықтық инфрақұрылымының нәтижелі қызмет етуі шағын және орта кәсіпкерліктің дамуымен тығыз байланысты. Шағын және орта бизнес нарықтық экономиканың өндірістік қозғаушы күші ретінде ел экономикасының тұрақты әрі үйлесімді дамуына ықпал етеді. Бұл мақалада шағын және орта бизнестің ұлттық экономикадағы маңызы мен рөлі, оларды жіктеудің негізгі критерийлері және мемлекеттік қолдау жүйесіндегі орны жан-жақты талданады.

Тақырыпты зерттеу шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау үдерісінде кәсіпкерлік субъектілерін санаттарға бөлудің өзектілігі айқындалып, Еуропалық Одақ, Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы және Қазақстан Республикасында қолданылатын жіктеу тәсілдері мен критерийлері салыстырмалы талдау негізінде қарастырылды. Кәсіпкерлік субъектісі санатын анықтайтын және реттейтін нормативтік құқықтық актілерге талдау жасалынған. Статистикалық мәліметтер негізінде Қазақстандағы кәсіпкерлік субъектілерінің санына, ЖІӨ-гі үлесіне экономикалық статистикалық талдау жүргізілді. «Даму» қоры, «Қазақстанның даму банкі», «Өнеркәсіпті дамыту қоры», «Аграрлық несие корпорациясы», «KazakhExport» сынды ұлттық даму институттарының кәсіпкерлікті қолдаудағы рөлі мен функционалдық қызметі жазылған. Сондай-ақ, мемлекеттік бағдарламалар арқылы кәсіпкерлікті ынталандыру тетіктері жан-жақты талданады.

Тақырыпты зерттеу нәтижесінде келтірілген ұсыныстар ШОБ-ты қолдаудың халықаралық тәжірибесін ескере отырып, Қазақстанда бұл саланы дамытуға бағытталған тиімді шешімдер қабылдауға негіз бола алады. ШОБ субъектілерін дамытуда кездесетін негізгі проблемалар мен оларды шешу жолдары көрсетілген.

Кілт сөздер: шағын және орта бизнес, кәсіпкерлікті қолдау, кәсіпкерлік субъектісі, ЖІӨ, мемлекеттік бағдарлама, қаржылық құралдар, кәсіпорын табысы, жұмыскерлер саны, экономикадағы рөлі

Ключевые слова: малый и средний бизнес, поддержка предпринимательства, субъект предпринимательства, ВВП, государственная программа, финансовые инструменты, доход предприятия, количество работников, роль в экономике.

Keywords: small and medium business, support for entrepreneurship, entrepreneurial entity, GDP, government program, enterprise income, number of employees, role in the economy

Кіріспе. Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы – кез келген мемлекеттің экономикалық тұрақтылығы мен өркендеуінің басты шарттарының бірі. Бұл секторсыз елдің макроэкономикалық тұрақтылығы туралы сөз қозғау қиын. Сондықтан шағын және орта бизнесті кешенді түрде қолдау үнемі мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының қатарында болады.

Жалпы шағын және орта бизнесті зерттеуді бастамас бұрын кәсіпкерлік сөзінің мағынасын ашып алу қажет.

«Кәсіпкерлік» сөзі француз тілінен алынған және бұл сөз алғаш рет 1723 жылы Жак де Брюслон құрастырған «Dictionnaire Universel de Commerce» атты француз сөздігінде пайда болды. Ұлыбританияда осы мағынада жиі «авантюрист» (англ. adventurer) сөзі қолданылған. Кәсіпкерлікті зерттеу XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басындағы классикалық экономиканың негізін қалаушы ирландия-француз экономисті Р. Кантильонның еңбектеріне кездеседі. Р. Кантильон алғаш рет бұл түсінікті «Сауда табиғаты туралы» (Essai sur la Nature du Commerce en Général) атты ғылыми еңбегінде анықтаған. Кантильон кәсіпкерді тауар үшін нақты баға төлеп, оны белгісіз бағаға қайта сататын адам ретінде анықтады және ол сонымен қатар, кәсіпорынның тәуекелін

мойындай отырып, ресурстарды алу және пайдалану бойынша шешімдер қабылдайды деп есептеген. Кантильон кәсіпкерді қаржылық табысты арттыру үшін ресурстарды саналы түрде пайланатын тәуекелшіл адам ретінде қарастырды [1].

Кантильон кәсіпкердің тәуекелді қабылдауға дайын екендігін атап өтіп, кәсіпкер мен қаржы ұсынушы иесінің функцияларын ажыратты.

Шағын және орта бизнестің экономикалық маңыздылығы оның кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі ретінде танылуына негіз болады. Қазақстан Республикасында бұл сектордың рөлі ел тәуелсіздігін алған кезеңнен бастап экономиканың маңызды құрамдас бөлігі ретінде айқындалды.

Батыс және отандық экономикалық әдебиеттерде «шағын және орта бизнес» түсінігінің түсіндірмесі біршама өзгеріп отырады, дегенмен кейбір ұқсастықтарды анықтауға болады. Жалпы, әр елде шағын және орта бизнес түсінігі қызметі пайда табумен байланысты белгілі бір критерийлер негізінде заңмен жіктелген экономикалық субъектілердің жиынтығы (коммерциялық ұйымдар – заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер – жеке тұлғалар) ретінде түсіндіріледі [2].

Мақсаты: Мемлекеттік қолдау механизмдерін тиімді іске асыру мақсатында кәсіпкерлік субъектілерін санаттау өлшемдеріне теориялық және салыстырмалы талдау жүргізу арқылы Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнес субъектілерін айқындау критерийлерін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу.

Міндеті: Еуропалық Одақ, АҚШ, Ресей Федерациясы және Қазақстандағы шағын және орта бизнес субъектілерін санаттау тәжірибесін зерделеу арқылы кәсіпкерлердің мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатысу мүмкіндіктерін саралау және Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік субъектілерін айқындау әдістемесіне өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

Әдебиеттік шолу. ШОБ-тың экономикадағы рөлі әлемнің барлық дерлік елдерінде мойындалған, бірақ оларды мемлекеттік қолдау, кәсіпкерлік санаттарға жіктеу критерийлері әр елдің экономикалық жағдайына және мемлекеттік құрылымына байланысты әр түрлі. Ғылыми әдебиеттерде ШОБ және оларды мемлекеттік қолдаудың теориялық және практикалық аспектілерін қамтитын көптеген зерттеулер бар.

Мақаланы дайындау барысында кәсіпкерлік, оның ішінде ШОБ аясында зерттеулер жүргізген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, ғылыми көзқарастары мен пікірлері зерделенді. Мақаланың **теориялық-әдістемелік негізі** кәсіпкерлік субъектілерінің санатын айқындауға арналған нормативтік-құқықтық актілер, сондай-ақ осы тақырып бойынша ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар мен зерттеулерден тұрады. Бұл көзқарастар мен дереккөздер шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қатысты ғылыми тұжырымдарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Одан бөлек, ҚР Ұлттың статистика бюросының деректері негізінде экономикалық-статистикалық талдаулар жүргізілген.

ШОБ мемлекеттік реттеу мен қолдаудың рөлін зерттеу экономика ғылымының маңызды тақырыбы болып табылады. Көптеген атақты ғалымдар мен зерттеушілер мемлекет саясатының шағын және орта бизнесті дамытуға әсерін, әсіресе осы сектордың өсуі, инновациялары мен тұрақтылығы үшін жағдай жасау контекстінде талдай отырып, осы кәсіпкерлік мәселесін қарастырған. Олардың қатарында У. Баумоль, Х. Варнеке, А. Маршалл, М. Мескон, Ф. Найт, Д.Дж. Речмен, Р. Рютгингер, Ф. Хайек, А. Хоскинг, Й. Шумпетер ғалымдар бар. Кәсіпкерліктің теориялық және тәжірибелік мәселелерін зерттегендер арасында Есилов А., Ильясов К., Кантарбаева А., Мухамеджанов Б., Садикова Э., Сулейменова Г., Токсанова А., Тянь М., Хамитов Н., Сәбден О., Кусайынов М сияқты отандық ғалымдар да аз емес.

Кәсіпкерлік саласын зерттеуші ғалымдар арасында кәсіпкерлікті дамытудағы мемлекеттің рөліне қатысты түрлі көзқарастар қалыптасқан. Мәселен, еуропалық зерттеушілер Дэвид Смолбоун (David Smallbone) мен Фридерике Вельтердің (Friederike Welter) пікірінше, кәсіпкерлікті тікелей қолдау шаралары үкіметтің басты міндеттерінің қатарына кірмейді және мұндай қолдау кәсіпкерлік белсенділікке мемлекеттің сыртқы ортаға ықпалы сияқты деңгейде әсер ете алмайды деп есептейді [3].

Дегенмен, кәсіпкерліктің тұрақты әрі тиімді дамуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекет оның дамуына қолайлы жағдайлар мен негізгі алғышарттарды қалыптастыруы тиіс.

А.Ш.М.М. Ноқе кейбір жағдайларда кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саясаты оның дамуына кедергі келтіретін тосқауыл ретінде әрекет етуі мүмкін екенін атап көрсетеді. [4].

AnhTuan Doan Icon, Aila Khan Icon, Scott Holmes және Thao Tran мемлекеттік қаржылық қолдаудың шағын және орта бизнес үшін тиімділігі шектеулі екенін және оның қызмет тиімділігін айтарлықтай арттыра алмайтынын атап өтеді [5].


Сонымен қатар, Norin Arshed, Sara Carter және Colin Mason кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігінің төмен болуын, ең алдымен, оны қалыптастыру кезеңіндегі мәселелермен, сондай-ақ әзірлеу сатысында өз мүдделерін көздейтін ықпалды қатысушылардың үстемдік етуімен байланыстырады [6]. Алайда, Roymon Panjaitan-ның пікірінше, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау саясаты ШОБ өндірісін ұлғайтуда маңызды рөл ойнайды, алайда кәсіпкерліктің өмір сүруіне қажетті ресурстарды тікелей ынталандыру тиімді емес болып табылады.

Жоғарыда аталған отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу тақырыбы бойынша алуан түрлі пікірлерінің маңыздылығы мен өзектілігі күмән тудырмайды, бірақ ғылыми тұрғыдан одан әрі тереңірек зерттеуді қажет етеді. Бұл өз кезегінде, зерттеу тақырыбының ғылыми маңыздылығын көрсетіп қана қоймай, осы бағытта ұсыныстар жасай отырып, оларды тәжірибеге енгізу бойынша жүйелі жұмыстарды талап етеді.

Зерттеу жұмысы аясында сыни талдау, жіктеу, жүйкелеу, салыстырмалы бағалау, экономика-статистикалық талдаулар жасалынған.

Негізгі бөлім. Кәсіпорындарды ШОБ санатына жатқызу критерийлері үлкен маңызға ие, өйткені компаниялардың қаржыландыру бағдарламаларына және мемлекеттік қолдаудың басқа түрлеріне қолжетімділігі осыған байланысты.

Шағын және орта бизнеске жатқызылатын шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтауда бірыңғай халықаралық стандарттар жоқ. Әр мемлекет өзіне тән критерийлер жиынтығын қолданып, соларға сүйенеді. Мысалы, Германия, Бельгия, Ұлыбритания, Нидерланды және Португалия сияқты елдерде негізгі өлшем ретінде компанияның жылдық айналымы алынса, Италия мен Ирландияда жылжымайтын мүлік көлемі есепке алынады. Дүниежүзілік банктің деректеріне сүйенсек, мұндай критерийлердің жалпы саны елуге жуық [2]. Олардың ішінде жиі қолданылатындарын бөліп көрсетуге болады (1-сурет).



1 – сурет. Шағын және орта бизнесті анықтаудың негізгі сандық критерийлері*

**авторлармен құрастырылған*

Еуроодақ

Қазіргі уақытта ЕО-дағы барлық бизнестің 99%-ын шағын және орта бизнес субъектілері құрайды. ШОБ статусын анықтау Еуропалық Одақтағы кәсіпорындарға қаржылық қолдау мен түрлі бағдарламаларға қатысу мүмкіндігін ашатын маңызды шарт болып табылады.

Еуропалық Одақта ШОБ анықтау критерийлері Еуропалық Комиссияның 2003 жылғы 6 мамырдағы микро, шағын және орта кәсіпорындарды анықтау жөніндегі ұсынымына негізделген және қазіргі уақытқа дейін қолданыста. Құжатқа сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектінің көлемін анықтауда біріктірілген тәсіл (комбинированный) қолданылады, онда қызметкерлердің санынан басқа, компанияның жылдық айналымының мөлшері немесе баланс валютасының құны ескеріледі.

Сонымен, біріктірілген тәсіл экономиканың әртүрлі салаларында жұмыс істейтін компаниялардың көлемін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Әдетте, өндірістік кәсіпорындарда сауда компанияларына қарағанда қызметкерлер саны көптеу болады, ал айналымы салыстырмалы түрде шағын сауда компаниялары жетекші өнеркәсіптік өндірістік кәсіпорындары айналымынан бірнеше есе жоғары болуы мүмкін [7].

Фирмалардың ШОБ санатына жатқызу критерийлері 1-кестеде көрсетілген.

ЕуроОдақ елдерінде фирмалардың шағын және орта санатына жатқызу критерийлері*

Кәсіпорын санаты	Қызметкерлер саны	Айналым	немесе	Баланс валютасы
		млн.€		
Микро	1-9	2-ге дейін		2-ге дейін
Шағын	10-49	10-ға дейін		10-ға дейін
Орта	50-250	50-ге дейін		43-ке дейін

*[7] негізінде авторлармен жасалынған

Алайда 2020 жылы қолданыстағы критерийлер қайта қаралды. Комиссия компанияның көлемі ШОБ мәртебесін анықтаушы жалғыз фактор емес деген қорытындыға келді (қызметкерлердің санын айналымы және балансы ескере отырып). Шын мәнінде, кейбір жеке компаниялар қолданыстағы критерийлер шеңберінде шағын деп есептелуі мүмкін және олар айтарлықтай қосымша ресурстарға қол жеткізе алады. Яғни, жеке кәсіпорындар ынтымақтас және олармен байланысу арқылы (еншілес кәсіпорын, филиал, бірлескен кәсіпорлік) үлкен кәсіпорындар қатарына жатқызылуы мүмкін.

Комиссияның пікірінше мұндай компаниялар ШОБ мәртебесіне құқықтары жоқ. Сондықтан кейбір күрделі құрылымы бар фирмалар жеке талдауды қажет етеді.

Аталмыш критерийлерге сәйкес келген жағдайда, ЕО-ның бизнес субъектілері үшін 2 негізгі артылықшылықтары бар:

– арнайы шағын және орта бизнеске бағытталған ЕО-ның көптеген бизнесті қолдау бағдарламалары бойынша қолдау алуға құқылы: зерттеулерді қаржыландыру, бәсекеге қабілеттілікті және инновацияларды қаржыландыру

– ЕО-ның әкімшілік талаптарын сақтау үшін төмендетілген алымдар/баж немесе жеңілдетілген талаптар [8].

Кәсіпорын жұмысшылар саны немесе қаржылық көрсеткіштердің жоғарғы шегінен бір рет асып кеткен жағдайда ШОБ мәртебесін бірден жоғалтпайды. Бұл мәртебенің жоғалуы шектеулерлерден екі рет асып кеткен жағдайда ғана орын алады. Бұл шағын және микрокәсіпорындардың мәртебесіне де қатысты.

Кәсіпорын қызметкерлеріне кәсіпорында жыл бойы толық жұмыс істеген қызметкерлер жатады. Сонымен қоса, қызметкерлер санына менеджерлер, серіктестер ретінде тұрақты түрде әрекет ететін иелері жатады. Толық емес немесе маусымдық жұмыс істеген қызметкерлердің салымы жұмыс бірлігінің бір бөлігі (дробь) ретінде есептеледі.

Сонымен қатар, кәсіпорын екі қаржылық критерийдің біреуіне ғана сәйкес келуі керек екенін ескерген жөн. Яғни, фирманың жылдық айналымы 50 миллион еуродан (60 миллион доллар) аспай, ал баланс валютасы 43 миллион еуродан (53 миллион доллар) асқан жағдайда да кәсіпорын ШОБ секторына жатады.

АҚШ

Америка Құрама Штаттарындағы (одан әрі – АҚШ) бизнес көлемін анықтаудың қазіргі жүйесін әлемдегі ең күрделі жүйенің бірі деп санауға болады. АҚШ-та әрбір сала үшін Салалық жіктеудің Солтүстікамерикалық жүйесіне (NAICS) сәйкес жеке критерийлер белгіленеді.

АҚШ-да бизнес субъектілерін шағын және орта кәсіпкерлікке жатқызу критерийлері АҚШ-тың шағын бизнес ісі жөніндегі басқармасымен (Small Business Administration, SBA) анықталады.

Бұл департамент әр штатта кеңселері бар қуатты федералды агенттік болып табылады. АҚШ-да бизнесті ШОБ секторына жатқызу критерийлері тұрақты емес. Елдің экономикасы үнемі өзгеріп отыратындықтан, бұл стандарттар әр 5 жыл сайын қайта қаралады. Қайта қарау барысында АҚШ-тың шағын бизнес ісі жөніндегі басқармасы қоғамдық пікірлерді ескереді. Айта кететін жағдай, АҚШ-та «орта бизнес» түсінігі жоқ.

АҚШ-та шаруашылық субъектісі жұмыс істейтін әрбір сала кәсіпорындары үшін ШОБ-тың нақты анықтамасы бар. Мысалы, егер кәсіпорын өндеуші өнеркәсіптің (кейбір салалар) бөлігі болып табылса және жұмыс істейтін адамдар саны 500 адамнан аспаған жағдайда ондай субъекті ШОБ болып жіктелуі мүмкін, ал сауда көтерме сауда кәсіпорындары үшін жұмыскерлер саны 100 адамнан аспауы қажет.

Осындай айырмашылықтар әртүрлі өнеркәсіп салаларында да кездеседі. Мысалы, тау-кен өнеркәсібінде алтын, никель немесе мыс кендерін өндіретін кәсіпорындарда қызметкерлер саны 1

500 адамнан аспауы керек, бірақ күміс өндіруші кәсіпорындарда қызметкерлер саны 250 адамнан, ал темір өндіруші кәсіпорындарда 750 адамнан көп болмауы тиіс, осы жағдайда олар ШОБ субъектілері ретінде саналады [9].

АҚШ шағын бизнесті дамытудың ең үлкен мүмкіндіктері бар ел. Бұны статистика дәлелдейді: АҚШ шағын және орта бизнес жағдайын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер бойынша көшбасшы (2-кесте).

2 – кесте

АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Германия, ЕО және Ресей елдеріндегі шағын және орта бизнестің негізгі көрсеткіштері, 2022 жыл*

Көрсеткіш	АҚШ	Ұлыбритания	Жапония	Германия	ЕО	Ресей
ШОБ саны, млн	33,4	5,5	3,6	2,6	22,8	6,2
ШОБ-тің кәсіпорындардағы үлесі, %	99,9	99,9	99,7	99,5	99,8	99,8
ЖІӨ-дегі ШОБ-ның үлесі, %	44	51	50	52	50	20
ШОБ сала-сында жұмыс-пен қамтыл-ғандар, млн.адам	58,7	16,4	32,2	18,4	84,6	15,1
Жалпы жұмыс-пен қамтыл-ғандардағы ШОБ үлесі, %	48,8	60,7	68,8	54,4	64	26

*[10] негізінде авторлармен құрастырылған

Ұсынылған деректер жалпы экономиканың даму деңгейі, сондай-ақ, мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық және саяси тұрақтылығы көбінесе шағын және орта кәсіпкерліктің даму дәрежесіне байланыстылығын көрсетеді.

Көптеген басқа елдердегі сияқты, АҚШ-да белгілі бір федералды бағдарламаларға қатысу және федералды келісім-шарттар мен қосалқы мердігерлерді (субконтракт) алу үшін компания шағын бизнес секторына тиесілі болуы керек. АҚШ заңына сәйкес мемлекеттік келісім-шарттар, мысалы кем дегенде 23%-ға шағын кәсіпкерлік субъектілері қызмет көрсетуі тиіс [11].

Шағын бизнес субъектілері келесі мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатыса алады:

– Үкіметтік сатып алуларда шағын кәсіпорындарға арналған квота жүйесі (Small Business Set-Asides) – мемлекеттік келісімшарттардың белгілі бір бөлігі тек шағын кәсіпорындар үшін сақталады;

– **Экономикалық белсенділігі төмен аймақтардағы шағын бизнесті қолдау бағдарламасы (HUBZone)** – бұл бастама арқылы мұндай аймақтарда орналасқан кәсіпорындар мемлекеттік келісімшарттарға қол жеткізуде басымдық алады;

– **Шағын кәсіпорындардың біліктілігін бағалау және растау жүйесі (Certificate of Competency)** – бұл бағдарлама кәсіпкердің мемлекеттік тапсырысты орындауға қажетті ресурстары мен мүмкіндіктері бар екенін анықтауға көмектеседі;

– **Шағын бизнес пен ғылыми мекемелер арасындағы технологиялық әріптестікті қолдау бағдарламасы (STTR)** – зерттеу нәтижелерін бизнес-практикаға енгізуге арналған бастама;

– **Шағын кәсіпорындардың ғылыми-инновациялық жобаларын қаржыландыру бағдарламасы (SBIR)** – бұл бастама шағын бизнеске ғылыми зерттеулер мен жаңа технологиялар әзірлеуге мүмкіндік береді;

– Бизнесі дамыту бағдарламасы Мүмкіндігі шектеулі (мүгедек) әскери қызметкерлерге арналған шағын кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы;

– **Әйелдерге тиесілі шағын бизнес бағдарламасы WOSB (Women-Owned Small Business Program) және** табысы төмен әйелдерге бағытталған бағдарламалар (EDWOSB) – бұл АҚШ-та әйелдердің иелігіндегі және басқаратын кәсіпорындарға арналған арнайы мемлекеттік бағдарлама. Оның мақсаты – әйел кәсіпкерлердің мемлекеттік келісімшарттар нарығына қол жеткізуін кеңейту және гендерлік теңсіздікті азайту;

- Шағын бизнесті қосалқы мердігер ретінде тартуды қолдау бағдарламасы;
- Техникалық және басқарушылық көмек бағдарламасы.

АҚШ-тағы шағын және орта бизнес ретінде қарастырылатын компаниялар мынадай талаптарға сәйкес болуы керек:

- тәуелсіз иелену және басқару құқығына ие болу;
- ұлттық нарықта өз саласында басты орын алмау;
- кез келген құқықтық құрылымдағы коммерциялық қызмет көрсету ұйымы;
- АҚШ-та немесе оның аумақтарында орналасып, әрекет ету. Сондай-ақ, АҚШ аумағында жұмыс істеп, салық төлейтін немесе америкалық өнімдерді, жұмыс күшін пайдаланатын, тіпті АҚШ-тан тыс жерлерде орналасқан компаниялар да ШОБ ретінде саналуы мүмкін.

Сонымен қатар, АҚШ-да компанияны шағын бизнес секторына жіктеудің сандық критерийлері бар. Бұл қызметкерлердің саны мен жылдық кірісі және бұл критерийлер әрқашан бір уақытта жұмыс істемейді. Қызметкерлердің саны соңғы 12 күнтізбелік айдағы кәсіпорында жұмыс істейтін қызметкерлердің орташа санын білдіреді. Жалақы ведомосіндегі әрбір адам қанша сағат жұмыс істегеніне және жұмыс істегеніне қарамастан (уақытша жұмысқа орналасқан жағдай болса да) бір қызметкер ретінде есептелуі керек.

Компанияның жылдық табысы жалпы кіріс ретінде есептеледі, соның ішінде өнімді немесе қызметтерді сатудан түскен кіріс, дивидендтер, пайыздық кірістер, роялти, комиссиялар және т.б., кірістер жатады.

Компанияның жылдық табысы жалпы кіріс ретінде есептеледі, соның ішінде өнімді немесе қызметтерді сатудан түскен кіріс, дивидендтер, пайыздық кірістер, роялти, комиссиялар және т.б., кірістер жатады.

Ресей Федерациясы

Ресей Федерациясында кәсіпкерлік субъектілерін шағын және орта бизнес санатына жатқызу «Ресей Федерациясындағы Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту туралы» 2007 жылғы 24 шілдедегі №209-ФЗ Федералдық заңымен реттеледі. Осы заңға сәйкес ШОБ-ті анықтау үшін төмендегі сандық критерийлер қолданылуда:

- өткен күнтізбелік жылдағы қызметкерлердің орташа саны;
- өткен күнтізбелік жылдағы кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістердің көлемі;
- жарғылық капиталдың құрылымы (ұйымдар үшін) [12].

Шағын, орта және микрокәсіпкерлік субъектілері үшін қызметкерлердің орташа саны мен кіріс көлеміне қойылатын талаптар әртүрлі.

Әрбір бизнес түріне критерийлерге сәйкес келу үшін арнайы шарттар анықталған және мына 3-кестеде көрсетілген:

3 – кесте

Шағын және орта бизнес субъектілерінің санатына жатқызу критерийлері*

Көрсеткіштер	Микробизнес	Шағын бизнес	Орта бизнес
Ұйымдар мен жеке кәсіпкерлер үшін өткен күнтізбелік жылдағы қызметкерлердің орташа санының шекті мәні, адам	15	16-100	101-250
Жеңіл өнеркәсіп ұйымдарының өткен күнтізбелік жылдағы қызметкерлердің орташа санының шекті мәні	15	16-100	101-1000
Қоғамдық тамақтандыру ұйымдары мен жеке кәсіпкерлер үшін өткен күнтізбелік жылдағы қызметкерлердің орташа санының шекті мәні	15	16-100	101-1500
Жылдық табыс, млн.рубль	120	800	2 000
Жауапкершілігі шектеулі қоғамдарының (одан әрі – ЖШҚ) және шаруашылық серіктестіктер үшін қосымша критерийлер			
Ұйымның жарғылық (жарғылық) капиталына қатысудың жалпы үлесі	25%-дан аспайтын мөлшерде мыналарға жатады:		
	– мемлекет, РФ-ның субъектілері; – қайырымдылық және басқа қорлар; – қоғамдық және діни ұйымдар (бірлестіктер); – муниципалитеттер;		
	49%-дан аспайтын үлес шетелдік ұйымдарға және (немесе) шағын және орта бизнес (ШОБ) болып табылмайтын компанияларға тиесілі. Шетелдік компаниялардың ЖШҚ-ның жарғылық капиталындағы		

	жалпы қатысу үлесінің мөлшеріне шектеу қойылмайды, егер бұл компаниялар оффшорлық емес болса және қызметкерлердің орташа саны мен кірісі бойынша орта бизнес субъектісі критерийлеріне сәйкес келсе.
Акционерлік қоғамдар үшін қосымша критерийлер	
Капиталдағы жалпы үлесі	Дауыс беретін акциялардың 25%-дан аспауы мыналарға тиесілі: – мемлекет, РФ-ның субъектілері; – қайырымдылық және басқа қорлар; – қоғамдық және діни ұйымдар (бірлестіктер); – муниципалитеттер. 49%-дан аспайтын үлес шетелдік ұйымдарға және (немесе) шағын және орта бизнес (ШОБ) болып табылмайтын компанияларға тиесілі. Шетелдік компаниялардың ЖШҚ-ның жарғылық капиталындағы жалпы қатысу үлесіне ешқандай шектеу қойылмайды, егер бұл компаниялар оффшорлық емес болса және қызметкерлердің орташа саны пен кірісі бойынша орта бизнес субъектісі критерийлеріне сәйкес келсе.

**[12] дереккөзі негізінде авторлармен жасалынған*

Бизнес көлемін айқындайтын бірыңғай өлшем критерийлерін заңнамалық деңгейде бекіту, ең алдымен, мемлекеттік қолдау шараларын және жеке қаржыландыру бағдарламаларын тиімді іске асыру үшін қажет. Осы мақсатта 2016 жылдың тамыз айынан бастап Федералдық салық қызметінің ресми сайтында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің бірыңғай тізілімі жұмыс істей бастады. Бұған дейін мұндай ақпаратты Федералдық мемлекеттік статистика қызметі ұсынатын.

Аталған бірыңғай тізілімге деректер тұрақты түрде Заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тізілімінен, жеке тұлғалардың мемлекеттік тізілімінен, Ресей Федерациясының Экономикалық даму министрлігі мен Федералдық салық қызметі және басқа да ресми дереккөздерден алынып енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Қазақстанның жаңа даму моделін қалыптастыру жағдайында негізгі басымдықтардың бірі ашық және өзін-өзі қамтамасыз ететін нарықтық экономиканы құру болып табылады. Осы ретте, ШОБ-ты дамыту экономиканың негізгі драйверлерінің бірі болуы тиіс.

Қазақстан Республика Президентінің жыл сайынғы Жолдауларында шағын және орта бизнестің тұрақты дамуының маңыздылығын атап өтеді. Қазақстан Республикасының Президентінің «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» экономикалық өсудің драйвері ретінде ШОБ-ты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру қажеттігін, сонымен қатар 2050 жылға қарай ЖІӨ-гі ШОБ үлесін 50%-ға дейін арттырудың маңыздылығын атап өтті.

Еліміздегі шағын және орта бизнес субъектілерінің санаттары мен оларға қатысты критерийлер Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексінде (одан әрі – Кәсіпкерлік кодексі) белгіленген.

Кәсіпкерлік Кодекстің 24 бабына сәйкес кәсіпкерлік субъектілері мынадай санаттарға жатқызылады:

- шағын кәсіпкерлік субъектілері, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері;
- орта кәсіпкерлік субъектілері;
- ірі кәсіпкерлік субъектілері.

Кәсіпкерлік субъектілерін санаттарға жатқызу келесідей мақсаттар үшін пайдаланылады:

- мемлекеттік статистика;
- мемлекеттік қолдау көрсету;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге де нормаларын қолдану.

Қазақстан Республикасы заңнамасының түрлі нормаларын қолдану және мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында 2 негізгі көрсеткіш қызметкерлердің орташа жылдық саны мен орташа жылдық табысы (кірісі) қолданылады.

Жоғарыда аталған критерийлер «Кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №125 бұйрығына сәйкес есептеледі.

Кәсіпкерлік субъектілерін санаттарға бөлу тәртібі 4-кестеде ұсынылған.

ҚР-да кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары*

Кәсіпкерлік субъектісінің санаттары	Қызметкерлердің орташа жылдық саны, адам	Жылдық орташа кірісі	
		АЕК-пен есептегенде	2025 жылғы көрсеткіш, млн.тг
Шағын бизнес, оның ішінде, микробизнес	100-ге дейін 15-ке дейін	300 000-ға дейін 30 000-ға дейін	1 179,6 117,96
Орта бизнес	101-250	300 000 – 3 000 000	1 179,6 – 11 796
Ірі бизнес	250-ден жоғары	3 000 000-нан аса	11 796-ден жоғары

[13] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Ірі кәсіпкерлік субъектісі ретінде екі өлшемнің кемінде біріне немесе екеуіне қатар сәйкес келетін дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар танылады.

Кәсіпкерлік субъектісінің жұмыскерлерінің орташа жылдық саны барлық құрылымдық бөлімшелердегі (соның ішінде филиалдар мен өкілдіктер) қызметкерлерді және жеке кәсіпкердің өзін қамти отырып есептеледі.

Кәсіпкерлік субъектісінің жылдық орташа табысы ретінде соңғы үш жыл ішіндегі жиынтық табыстың немесе ҚР салық заңнамасына сәйкес арнаулы салық режимдерін (патент, оңайлатылған декларация, арнайы мобильді қосымша) қолдану жағдайында алынған кірістердің үш жылға бөлінген сомасы есепке алынады.

Кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысын есептеу үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің дерекқорында қамтылған ақпарат пайдаланылады.

Кәсіпкерлік субъектісінің жұмыскерлерінің жылдық орташа санын және олардың жылдық орташа табысын айқындау барысында Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне қарасты Мемлекеттік кірістер комитетінің ақпараттық деректер базасы негізге алынады.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу, кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган – Ұлттық министрліктің міндеті болып табылады. Бұл тізілім кәсіпкерлік субъектілерінің мәртебесін, олардың түрлері мен қызметін электронды түрде бақылауға мүмкіндік береді.

«Е-лицензиялау» порталы арқылы кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін алу процесі толықтай автоматтандырылған және мемлекеттік қызметтерді онлайн алу жүйесіне кіреді. Бұл жүйе кәсіпкерлерге жеңіл әрі жылдам қол жеткізу үшін ыңғайлы құрал болып табылады.

Сонымен қатар, Кәсіпкерлік Кодекстің 24-бабы 4-тармағында мемлекет тарапынан қолдау көрсету және басқа да заңнамалық нормаларды пайдалану үшін кейбір кәсіпкерлік қызмет түрлері арнайы айқындалған. Бұл тізімдегі бизнес субъектілер қызметкерлердің орташа саны мен жылдық орташа кірісіне қарамай, орта кәсіпкерлікке жатады. Олардың қатарына мыналар кіреді:

- 1) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының айналымымен байланысты кәсіпкерлік қызмет;
- 2) акцизге жататын тауарларды өндірумен және (немесе) көтерме саудада өткізумен байланысты кәсіпкерлік қызмет;
- 3) астық қабылдау орындарында астықты сақтау қызметі;
- 4) лотерея ұйымдастыру және өткізу қызметі;
- 5) ойын бизнесі саласындағы қызмет;
- 6) радиоактивті материалдардың айналымына байланысты қызмет;
- 7) банк қызметін (не банк операцияларының жекелеген түрлерін) және сақтандыру нарығындағы қызмет (сақтандыру агенті қызметінен басқа);
- 8) аудиторлық қызмет;
- 9) бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызмет;
- 10) кредиттік бюролар қызметі;
- 11) күзет қызметін көрсету;
- 12) қару мен патрондардың (азаматтық және қызметтік) айналымы саласындағы қызмет [13].

Жоғарыда аталған кәсіпкерлік субъектілері мемлекеттік қаржылық қолдау бағдарламаларына қатыса алмайды.

Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенетін болсақ, 2025 жылдың 1 қаңтарында елімізде 2 262 392 ШОБ субъектілері тіркелген, оны ішінде шағын бизнес – 2 259 185, орта бизнес – 3 207.

Соңғы он жыл ішінде (2015–2024 жж.) тіркелген заңды тұлғалар саны жыл сайын орта есеппен 4,5%-ға өсіп, 360 287-ден 536 241-ге дейін жетті. Бұл 175 954 бірлікке немесе 48,8%-ға ұлғайғанын көрсетеді. Бұл өсімнің негізгі үлесі шағын заңды тұлғаларға тиесілі, олардың саны жыл сайын шамамен 4,6%-ға тұрақты түрде артып отыр. Ал орта және ірі заңды тұлғалар бойынша мұндай тұрақтылық байқалмайды. Мысалы, жалпы өсім үрдісіне қарамастан, 2016, 2017 және 2019 жылдары аталған санаттағы заңды тұлғалар саны тиісінше 1,3%, 1,4% және 3,1%-ға қысқарған [14].

2015–2024 жылдар аралығындағы ҚР кәсіпкерлік субъектілерінің өзгеру динамикасы 5-кестеде берілген.

5 – кесте.

ҚР-дағы кәсіпкерлік субъектілерінің 2015-2024ж динамикасы*

Бизнес субъектісі	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024
Шағын	351 229	374 912	403 862	424 796	437 988	453 343	472 777	497 995	517 123	526 826
Орта	6 572	6 502	6 432	6 490	6 297	6 235	6 494	6 685	6 689	6 919
Ірі	2 486	2 436	2 383	2 488	2 402	2 405	2 461	2 558	2 478	2 496
Барлығы	360 287	383 850	412 677	433 774	446 687	461 983	481 732	507 238	526 290	536 241

*[14] негізінде авторлармен құрастырылған

ҚР Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенетін болсақ, елімізде 2024 жылдың 9 айында ШОБ-тің ЖІӨ-гі үлесі рекордтық көрсеткішке 39,3%-ға жетті (2023 жылдың 9 айында 36,5%-ды құраған). Оның ішінде шағын бизнестің үлесі 32,2%, орта бизнестің үлесі 7,1%. 2024 жылдың қорытындысы бойынша ШОБ субъектілерінің өнім шығарылымы 81,9 трлн теңгеден асты, ШОБ аясында жұмыспен қамтылғандар саны 4,4 млн адамды құрайды [14].

Елімізде шағын және орта бизнесті қолдау «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-на қарасты ұлттық даму институттары арқылы жүргізіледі. Олардың қатарына мына ұйымдар жатады:

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (одан әрі – «Даму» ҚДҚ)

«Даму» ҚДҚ шағын және орта бизнес субъектілері үшін қаржылық қолдаудың үш құралын ұсынады. Кәсіпкерлікті қолдаудың Бірыңғай кешенді бағдарлама аясында сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, кредиттерге кепілдік беру құралын жүзеге асырады. Сонымен қатар, «Даму» Қоры шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру мақсатында екінші деңгейлі банктерге шартты түрде қаржыландыру қызметімен айналысады.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (одан әрі – Даму Банкі)

Айтарлықтай оң әлеуметтік-экономикалық әсері бар өндірістік және инфрақұрылымдық инвестициялық жобалардың және экспорттық операциялардың ұзақ мерзімді несиесін ұсынады. Даму Банкінің қаржыландырудағы негізгі басымдығы – қайта өңдеу өнеркәсібі зауыттары, ауыл шаруашылығы өндірісі, азық-түлік пен сусын өндіретін кәсіпорындар, сондай-ақ, қызмет көрсету саласындағы нысандар және басқа да бағыттар.

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ

«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ (бұрынғы атауы – БРК Лизинг) Даму Банкінің еншілес ұйымы болып табылады. Негізгі мақсаты – лизингті, өңдеуші өнеркәсіп пен өндірістік инфрақұрылымды дамыту арқылы мемлекеттік инвестициялық саясатты жүзеге асыру, оны жетілдіру мен тиімділігін арттыру, сондай-ақ Қазақстан экономикасына ішкі және сыртқы инвестицияларды тартуға ықпал ету.

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ (одан әрі – KazakhExport)

KazakhExport – Қазақстанның экспорттық кредиттік агенттігі болып табылады және Қазақстан Ұлттық банкі тарапынан реттелетін сақтандыру мен қайта сақтандыру қызметтерін ұсынады. Компанияның миссиясы – шикізаттық емес өнімдер өндірушілері мен қызмет көрсетуші қазақстандық компанияларды шетелдік нарықтарға ілгерілету және экспортты қолдау үшін тиімді қаржылық құралдар ұсыну арқылы олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жәрдемдесу.

«Qazaqstan Investment Corporation» АҚ

Qazaqstan Investment Corporation-ның басты мақсаты – Қазақстанға шоғырлана отырып, Орталық Азия аймағындағы экономиканың шикізаттық емес салаларында жүзеге асырылатын

жобаларға отандық және шетелдік инвесторларды тарту арқылы оларды бірлесіп қаржыландыру. Қаржыландыру тікелей инвестициялық қорлар арқылы іске асады.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ

Ауылдағы ірі, орта және шағын кәсіпкерлікті қаржылай қолдау арқылы елдің агроөнеркәсіптік кешенінің (АӨК) тұрақты дамуына және техникалық жарактандырылуына жәрдемдеседі.

Шағын және орта бизнесті қолдаудың қаржылық қолдаудан басқа кәсіпкерлікті қолдаудың Бірыңғай кешенді бағдарлама аясында кәсіпкерлерге мемлекеттік қаржылық емес қолдауды құралдары жүзгере асырылады. Бағдарламаға сәйкес қаржылық емес қолдау операторы болып «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.

Қаржылық емес қолдау құралдарына кәсіпкерлерге сервистік қызмет мен консультациялық қызметтер көрсету, «Іскерлік байланыстар» құралы, «Мен – кәсіпкер» құралы, ҚР Шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкінің (ЕКҚДМ) іскерлік консультациялық қызметтері жатады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген ШОБ жіктеу әдістемесі негізінен екі сандық көрсеткішке жылдық табыс көлемі мен жұмыскерлер санына сүйенеді. Бұл тәсіл статистикалық және әкімшілік тұрғыдан қарапайым болғанымен, кәсіпкерлік субъектілерінің шынайы экономикалық әлеуетін, нарықтағы орнын және ұзақ мерзімді даму мүмкіндіктерін толық сипаттай алмайды.

Халықаралық тәжірибе, әсіресе Еуропалық Одақ елдері мен дамыған мемлекеттердің моделдері, сапалық көрсеткіштердің маңызын айқын дәлелдейді. Мұндай көрсеткіштерге капитал құрылымы, инновациялық белсенділік, экспорт үлесі, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік, жергілікті қамту деңгейі сияқты факторлар жатады. Олар кәсіпкерлік қызметтің күрделілігін, тұрақтылығын және ұлттық экономикадағы орны мен маңызын тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Жаһандық экономикалық жағдайлар аясында кәсіпкерлік субъектілерін бағалаудың классикалық өлшемдерін қайта қарау қажеттілігі туындап отыр. Бұл ел ішінде экономикалық саясаттың сапасын арттырып, мемлекеттік қолдауды тиімді бағыттауға жол ашады.

Қорыта айтқанда, елімізде ШОБ-ті тиімді мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру мақсатында кәсіпкерлік субъектілері санатын анықтауда **сандық көрсеткіштермен қатар, сапалық көрсеткіштерді енгізу** ұсынылады. Атап айтқанда:

- **Капитал құрылымы** – меншікті және қарыз қаражаттарының арақатынасы;
- **Бюджетке төленетін салық көлемі** – кәсіпкерліктің фискалдық тиімділігі;
- **Жергілікті қамту үлесі** – отандық шикізат пен еңбек ресурстарын пайдалану деңгейі;
- **Экологиялық және әлеуметтік стандарттарға сәйкестік** – өндіріс мәдениеті мен жауапкершілік көрсеткіші;
- **Экспорт үлесі** – кәсіпорынның халықаралық нарыққа шығу деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігі.

Осы көрсеткіштерді қолданыстағы әдістемеге енгізу кәсіпкерлік субъектілерінің даму деңгейін неғұрлым нақты және кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде, **мемлекеттік қолдау шараларын нақты әлеуеті жоғары, стратегиялық маңызды жобаларға бағыттауға жағдай жасайды.**

Аталмыш ұсыныстар Кәсіпкерлік Кодекс пен «Кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысын есептеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығына өзгертулер енгізу арқылы жүзеге асырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Барсук И.А. Предпринимательство как социокультурный феномен: историко-философская реконструкция // Журнал Белорусского государственного университета. Философия. Психология. – 2019. – №3. – 23 с.

2. Передера Ж.С., Гриценко Т.С., Теряева А.С. Малый и средний бизнес: критерии определения и роль в экономике // Вестник Евразийской науки. – 2018. – № 6. – 2 с. – URL: <https://esj.today/PDF/38ECVN618.pdf>

3. Smallbone D., Welter F. The Role of Government in SME Development in Transition Economies // International Small Business Journal. – 2001. – №4(19). – P. 63–77.

4. Hoque A. Does Government Support Policy Moderate the Relationship Between Entrepreneurial Orientation and Bangladeshi SME Performance? A SEM Approach // *International Journal of Business Economics and Management Studies*. – 2018. – № 3(6). – P. 37–59.
5. Doan A., Khan A., Holmes S. SMEs' efficiency in a transitional economy: does innovation and public support schemes matter? // <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/13547860.2021.1940693>. 25.07.2021.
6. Arshed N., Carter S., Mason C. The ineffectiveness of entrepreneurship policy: is policy formulation to blame? // *Small Bus Econ*. – 2014. – № 43. – P. 639–659.
7. European Commission. SME Definition – user guide 2020. – URL: <https://ec.europa.eu/docsroom/documents/42921>
8. Single Market Economy – European Commission. – URL: http://single-market-economy.ec.europa.eu/smes/sme-definition_en
9. Плетнев Д.А., Бархатов В.И., Наумова К.А. Критерии малого и среднего бизнеса в разных странах и его масштабы: сравнительное исследование. Вестник Челябинского государственного университета. – 2021. – № 6. Экономические науки. Выпуск 73. – 153 с.
10. Франке Н. Роль малого бизнеса в экономике США // *Cifra. Экономика*. — 2023. — № 2(2). — URL: <https://cifra-economics.ru/archive/2-2-2023-august/10.23670/ECNMS.2023.2.6>. — doi: 10.23670/ECNMS.2023.2.6
11. Тулепбергенова А.А. Государственная поддержка малого и среднего бизнеса и его роль в развитии регионов РК. Молодежный сборник научных статей «Научные стремления». – 2015. – Выпуск №15. – 61 с. – doi: <https://doi.org/10.31882/2311-4711.2015.15>
12. Федеральный закон «О развитии малого и среднего предпринимательства в Российской Федерации» от 24.07.2007г №209-ФЗ (ред. от 22.07.2024г)
13. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ Заңы
14. Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Кәсіпорын статистикасы. Қазақстан Республикасындағы субъектілер санының негізгі көрсеткіштері. – URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/publications/279822/>

REFERENCES

1. Barsuk I. Predprinimatel'stvo kak sotsiokul'turnyi fenomen: istoriko-filosofskaya rekonstruktsiya [Entrepreneurship as a sociocultural phenomenon: a historical and philosophical reconstruction] // *Zhurnal Belorusskogo gosudarstvennogo universiteta. Filosofiya. Psikhologiya*. – 2019. – №3. – 23 s. [In Russian]
2. Peredera Zh., Gritsenko T., Teryaeva A. Maliy i sredniy biznes: kriterii opredeleniya i rol' v ekonomike [Small and medium-sized businesses: criteria for definition and role in the economy] // *Vestnik Evraziyskoy nauki*, – 2018. – № 6. – 2 s. – URL: <https://esj.today/PDF/38ECVN618.pdf> [In Russian].
3. Smallbone D., Welter F. The Role of Government in SME Development in Transition Economies // *International Small Business Journal*. – 2001. – № 4(19) – P. 63–77.
4. Hoque A. Does Government Support Policy Moderate the Relationship Between Entrepreneurial Orientation and Bangladeshi SME Performance? A SEM Approach // *International Journal of Business Economics and Management Studies*. – 2018. – №3(6). – P. 37–59.
5. Doan A., Khan A., Holmes S. SMEs' efficiency in a transitional economy: does innovation and public support schemes matter? // <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/13547860.2021.1940693>. 25.07.2021.
6. Arshed N., Carter S., Mason C. The ineffectiveness of entrepreneurship policy: is policy formulation to blame? // *Small Bus Econ*. – 2014. – № 43. – P. 639–659.
7. European Commission. SME Definition – user guide 2020. – URL: <https://ec.europa.eu/docsroom/documents/42921>
8. Single Market Economy – European Commission. – URL: http://single-market-economy.ec.europa.eu/smes/sme-definition_en
9. Pletnev D., Barkhatov V., Naumova K. Kriterii malogo i srednego biznesa v raznykh stranakh i ego masshtaby: sravnitel'noe issledovanie [Criteria for small and medium-sized businesses in different countries

and their scale: a comparative study] // Vestnik Cheliabinskogo gosudarstvennogo universiteta. – 2021. – № 6. Ekonomicheskie nauki. Vypusk 73. – 153 s [In Russian].

10. Franke N. Rol' malogo biznesa v ekonomike SSA [The role of small business in the U.S.A economy] // Cifra. Ekonomika. – 2023. – №2(2). – URL: doi: 10.23670/ECNMS.2023.2.6 [In Russian]

11. Tulepbergenova A. Gosudarstvennaia podderzhka malogo i srednego biznesa i ego rol' v razvitiі regionov RK [State support for small and medium-sized businesses and its role in the development of regions in the Republic of Kazakhstan] // Molodezhnyi sbornik nauchnykh statei «Nauchnye stremleniia». – 2015. – Vypusk №15. – 61 s. – doi: <https://doi.org/10.31882/2311-4711.2015.15> [In Russian]

12. Federal'nyi zakon «O razvitiі malogo i srednego predprinimatel'stva v Rossiiskoi Federatsii» ot 24.07.2007g №209-FZ [Federal Law «On the development of small and medium-sized entrepreneurship in the Russian Federation» dated 24.07.2007 No. 209-FZ] (red. ot 22.07.2024g) [In Russian]

13. Qazaqstan Respublicasynyń Kásipkerlik Kodeksi. Qazaqstan Respublicasynyń Kodeksi 2015 jylǵy 29 qazan tagy № 375-V QRZ Zańy [The Entrepreneurship code of the Republic of Kazakhstan. The Code of the Republic of Kazakhstan law No. 375-V QRZ dated October 29, 2015]

14. Últtyq statistika byurosy Qazaqstan Respublicasy Strategiyalyq jauparlau jáne reformalar äjgenttigi. Kásiporyn statistikasy. Qazaqstan Respublicasyndagy sub'ektiler sanynyń negizgi körsetkishteri. [National Statistics Bureau of the Republic of Kazakhstan, Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Business Statistics. Key Indicators of Entities in the Republic of Kazakhstan.] – URL: <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/publications/279822/> [In Kazakh]

Абдикаликов К.К., Искаков Б.М., Абауова Г.М., Әлданай Ә.А.

КРИТЕРИИ ОПРЕДЕЛЕНИЯ КАТЕГОРИИ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА И ЕГО РОЛЬ В ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКЕ

Аннотация

Эффективное функционирование рыночной инфраструктуры государства тесно связано с развитием малого и среднего предпринимательства. Малый и средний бизнес, являясь производственной движущей силой рыночной экономики, способствует устойчивому и сбалансированному развитию национальной экономики. В данной статье всесторонне рассматриваются значение и роль малого и среднего бизнеса в национальной экономике, основные критерии их классификации, а также место в системе государственной поддержки.

В ходе исследования темы была выявлена актуальность категоризации субъектов предпринимательства в процессе государственной поддержки малого и среднего бизнеса. На основе сравнительного анализа были рассмотрены подходы и критерии классификации, применяемые в Европейском Союзе, Соединённых Штатах Америки, Российской Федерации и Республике Казахстан. Проведен анализ нормативных правовых актов, определяющих и регулирующих категории предпринимательских субъектов.

На основе статистических данных проведён экономико-статистический анализ количества предпринимательских субъектов в Казахстане и их доли в ВВП. Описана роль и функциональная деятельность национальных институтов развития, таких как фонд «Даму», Банк развития Казахстана, Фонд развития промышленности, Аграрная кредитная корпорация, «KazakhExport» в поддержке предпринимательства. Также подробно рассматриваются механизмы стимулирования предпринимательства через государственные программы.

В результате исследования были сформулированы предложения, которые, с учётом международного опыта поддержки МСП, могут стать основой для принятия эффективных решений, направленных на развитие данной сферы в Казахстане. Обозначены основные проблемы, с которыми сталкиваются субъекты МСП, и предложены пути их решения.

Abdikalikov K., Iskakov B., Abauova G., Aldanay A.

CRITERIA FOR DETERMINING THE CATEGORY OF SMALL AND MEDIUM BUSINESS AND ITS ROLE IN STAT SUPPORT

Annotation

The effective functioning of a state's market infrastructure is closely linked to the development of small and medium-sized enterprises (SMEs). As a driving force of the market economy, SMEs contribute to the stable and balanced development of the national economy. This article provides a comprehensive analysis of the importance and

role of SMEs in the national economy, the main criteria for their classification, and their place within the system of state support.

The study highlights the relevance of categorizing business entities in the process of state support for SMEs. Through a comparative analysis, the classification approaches and criteria used in the European Union, the United States, the Russian Federation, and the Republic of Kazakhstan are examined. An analysis of regulatory legal acts that define and regulate the categories of business entities is also conducted.

Based on statistical data, an economic and statistical analysis is carried out on the number of business entities in Kazakhstan and their share in the gross domestic product (GDP). The role and functional activities of national development institutions such as the "Damu" Fund, the Development Bank of Kazakhstan, the Industrial Development Fund, the Agrarian Credit Corporation, and "KazakhExport" in supporting entrepreneurship are described. Additionally, the mechanisms for promoting entrepreneurship through government programs are analyzed in detail.

The study presents recommendations that, taking into account international experience in supporting SMEs, may serve as a basis for making effective decisions aimed at developing this sector in Kazakhstan. The main challenges faced by SME entities are identified, along with potential solutions for overcoming them.

